

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Инвестициялық табыс сомасы неге өзгеріп отырады?

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшыларының зейнетақы жинақтарының сомасы қазіргі уақытта 12 триллион теңгеге жуық. Бәрімізге белгілі, зейнетақы жинақтарының сомасы зейнетақы жарналары мен түскен қаражатты инвестициялаудан алынған инвестициялық табыстан тұрады.

Жеке зейнетақы шоттарына түсетін және есебін БЖЗК жүргізетін зейнетақы жарналарын зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқарушы - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (ҚРҰБ) түрлі қаржы құралдарына инвестициялайды. Ұлттық Банк зейнетақы активтерін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесіне және БЖЗК инвестициялық декларациясына сәйкес инвестициялау лимиттеріне инвестициялайды.

Тәуекелдерді азайту мақсатында қаржы құралдары инвестициялаудың түрлері, бағыттары, оның ішінде валюталар бойынша әртараптандырылады. Қазіргі уақытта инвестициялардың 2/3 теңгемен және 1/3 шетел валютасымен, соңғысының басым бөлігі – АҚШ долларымен номиналданады.

Салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтарының сомасы зейнетақы активтерін инвестициялау нәтижелеріне сәйкес күн сайын қайта есептеледі және қайта бағаланады.

Инвестициялық кіріс құрамына бағалы қағаздар (салымдар және басқа операциялар) бойынша сыйақы, қаржы құралдарын нарықтық қайта бағалау, валюталық қайта бағалау түріндегі табыстар, сыртқы басқарудағы активтер бойынша алынған табыстар және т. б. кіреді.

Инвестициялық табыс – тұрақсыз шама, сол себепті ол қысқа мерзімдік кезеңде оң немесе теріс болуы мүмкін.

Мысал ретінде салымшылар мен алушылардың шоттарына 2020 жылы есептелген инвестициялық табысты қарастыруға болады.

2020 жылдың қаңтарынан бастап 2 маусымына дейін салымшылардың шоттарына **433,6 млрд теңге** көлемінде таза инвестициялық табыс есептелді.

Қаңтар айында таза инвестициялық табыс +28,15 млрд теңгені, ақпан айында +111,7 млрд теңгені, наурыз айында +521,8 млрд теңгені, сәуір айында – 125,6 млрд теңгені, мамырдан бастап 2 маусымға дейінгі аралықта – 102,4 млрд теңгені құрады.

Наурыз айында инвестициялық табыстың айтарлықтай өсуі (+521,8 млрд теңге), сәуір, мамыр және маусым айының басында инвестициялық табыстың төмендеуі байқалады. 2020 жылдың қаңтар айынан бастап 2 маусымына дейінгі кезеңдегі инвестициялық табыстың жалпы сомасы +433,6 млрд теңгені құрап, оң нәтижеге қол жетті.

2020 жылғы наурыздан бастап зейнетақы активтерінің инвестициялық табыстылығына теңге бағамының АҚШ долларына қатысты өзгеруі үлкен әсер етті.

Мәселен, наурызда АҚШ долларының теңгеге қатысты бағамы 1 АҚШ доллары үшін 381-ден 448 теңгеге дейін артты. Валюталық құралдарға орналастырылған зейнетақы активтерін оң валюталық қайта бағалау зейнетақы активтері бойынша таза инвестициялық табыстың елеулі өсуіне әсер етті.

Сәуір айында керісінше, АҚШ долларына қатысты теңге бағамы 448 теңгеден 424 теңгеге дейін төмендеп, нығая түсті. Ұлттық валютаның нығаяу үрдісі 2020 жылдың мамырында да жалғасты. АҚШ долларының құны 411 теңгеге дейін төмендеді. Маусымның алғашқы күндері ұлттық валюта бағамының 1 АҚШ доллары үшін 402 теңгеге дейін төмендеуімен сипатталды. Тиісінше, валюталық құралдарға орналастырылған зейнетақы активтерін теріс бағалау орын алды, ол өз кезегінде инвестициялық табыстың төмендеуіне ықпал етті.

Сонымен қатар зейнетақы жинақтары – бұл ұзақ мерзімді инвестициялар және инвестициялық табыс мөлшерін кемінде 1 (бір) жыл кезеңде талдаған дұрыс екендігіне назар аударамыз. Қысқа мерзімді деректер (күн сайынғы, ай сайынғы және т. б.) – көрсеткіш бола алмайды, өйткені олар күнделікті нарықтық конъюнктураға тәуелді.

Мәселен, өткен 2019 жылы БЖЗҚ салымшыларының ЖЗШ-ларына есептелген таза инвестициялық кіріс 641,8 млрд теңгені құрады.

2018 жылы таза инвестициялық табыс 917,1 млрд теңгені көрсетті.

2017 жылы таза инвестициялық табыс 550,6 млрд теңге болды.

2013 жылдың қыркүйек айынан бастап 2020 жылдың сәуір айына дейін зейнетақы активтерін басқару кезеңінде Ұлттық банкпен қамтамасыз етілген инвестициялық табыс зейнетақы жинақтарының жалпы көлемінің 30% астамын немесе 3,8 трлн теңгені құрады.

Инвестициялық басқару және зейнетақы активтерін есепке алудың барлық жүйесі айқын, әрі ашық жүргізіледі: әрбір салымшы өзінің инвестициялық табысын enpf.kz сайтындағы жеке кабинетінде немесе ұялы қосымшада бақылап отыру мүмкіндігіне ие. Себебі, БЖЗҚ-дағы зейнетақы активтерін инвестициялық басқару және БЖЗҚ зейнетақы активтері орналастырылған қаржы құралдары туралы ақпарат БЖЗҚ-ның ресми сайтындағы (www.enpf.kz) «Көрсеткіштер/Инвестициялық қызмет» бөлімінде тұрақты жарияланып отырады.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

ИНФОРМАЦИОННОЕ СООБЩЕНИЕ

Почему меняется сумма инвестиционного дохода?

Сумма пенсионных накоплений вкладчиков Единого накопительного пенсионного фонда на данный момент приблизилась к 12 триллионам тенге. Как известно, сумма пенсионных накоплений включает в себя пенсионные взносы и инвестиционный доход от инвестирования поступивших средств.

Поступающие на ИПС пенсионные взносы, учет которых ведет ЕНПФ, инвестируются доверительным управляющим пенсионными активами - Национальным Банком Республики Казахстан (НБРК) в различные финансовые инструменты. Нацбанк инвестирует пенсионные активы в соответствии с перечнем финансовых инструментов, разрешённых к приобретению за счёт пенсионных активов, утверждённым Правительством Республики Казахстан, и лимитов инвестирования в соответствии с Инвестиционной декларацией ЕНПФ.

С целью минимизации рисков финансовые инструменты диверсифицируются по видам, направлениям инвестирования, в том числе валютам. В настоящее время около 2/3 инвестиций номинированы в тенге и около 1/3 - в иностранной валюте, большая часть последних - в долларах США.

Сумма пенсионных накоплений вкладчиков (получателей) пересчитывается и переоценивается ежедневно в соответствии с результатами инвестирования пенсионных активов.

В состав инвестиционного дохода входят доходы в виде вознаграждения по ценным бумагам (вкладам и другим операциям), доходы в виде рыночной переоценки финансовых инструментов, доходы в виде валютной переоценки, доходы по активам, находящимся во внешнем управлении и т.д.

Инвестиционный доход является величиной непостоянной и может быть, как положительным, так и отрицательным в краткосрочном периоде.

Для примера можно рассмотреть начисление инвестиционного дохода на счета вкладчиков и получателей в 2020 году.

С января по 2 июня 2020 года на счета вкладчиков был зачислен чистый инвестиционный доход в размере **433,6 млрд тенге**.

За январь чистый инвестиционный доход составил +28,15 млрд тенге, за февраль +111,7 млрд тенге, за март +521,8 млрд тенге, за апрель – 125,6 млрд тенге, за период с мая по 2 июня 2020 года – 102,4 млрд тенге.

Как видно, в марте наблюдался большой рост инвестиционного дохода (+521,8 млрд тенге), в апреле, мае – начале июня снижение инвестиционного дохода, вместе с тем, общая его сумма за период января по 2 июня 2020 года остается положительной +433,6 млрд тенге.

Начиная с марта 2020 года, большое влияние на инвестиционную доходность пенсионных активов оказало изменение курса тенге к доллару США.

Так, в марте произошло укрепление курса доллара США по отношению к тенге с 381 до 448 тенге за 1 доллар США. Положительная валютная переоценка пенсионных активов, размещенных в валютные инструменты, повлияла на существенное увеличение чистого инвестиционного дохода по пенсионным активам.

В апреле же, наоборот, произошло укрепление курса тенге по отношению к доллару США с 448 тенге до 424 тенге. Тенденция укрепления национальной валюты продолжилась и в мае 2020 года. Курс тенге поднялся до 411 за доллар США. Первые дни июня также характеризуются ростом курса национальной валюты до 402 тенге за 1 доллар США. Соответственно, сложилась

отрицательная переоценка пенсионных активов, размещенных в валютные инструменты, что повлияло на снижение инвестиционного дохода.

Вместе с тем, обращаем внимание, что пенсионные накопления – это долгосрочные инвестиции и анализировать размер инвестиционного дохода целесообразно за период не менее 1 (одного) года. Краткосрочные данные (ежедневные, ежемесячные и т.д.) – не являются показательными, т.к. зависят от ежедневной рыночной конъюнктуры.

К примеру, за прошлый 2019 год чистый инвестиционный доход, начисленный на ИПС вкладчиков ЕНПФ составил 641,8 млрд тенге, доходность составила 6,57% при инфляции 5,4%.

За 2018 год чистый инвестиционный доход составил 917,1 млрд тенге.

За 2017 год чистый инвестдоход составил 550,6 млрд тенге.

Инвестиционный доход, обеспеченный Национальным Банком за период управления пенсионными активами с сентября 2013 года по апрель 2020 года, составил более 30% в общем объеме пенсионных накоплений или 3,8 трлн тенге.

Вся система инвеступравления и учета пенсионных активов является прозрачной: каждый вкладчик имеет возможность видеть свой инвестиционный доход в личном кабинете на сайте enpf.kz или в мобильном приложении и вместе с тем получать информацию по инвестиционному управлению пенсионными активами ЕНПФ и о финансовых инструментах, в которые размещены пенсионные активы ЕНПФ, публикуется на официальном сайте ЕНПФ (www.enpf.kz) в разделе «Показатели/Инвестиционная деятельность».

ЕНПФ создан 22 августа 2013 года на базе АО «НПФ «ГНПФ». Учредителем и акционером ЕНПФ является Правительство Республики Казахстан в лице ГУ «Комитет государственного имущества и приватизации» Министерства финансов Республики Казахстан. Доверительное управление пенсионными активами ЕНПФ осуществляет Национальный Банк Республики Казахстан. С 1 января 2016 года функции по выработке предложений по повышению эффективности управления пенсионными активами переданы Совету по управлению Национальным фондом. В соответствии с пенсионным законодательством ЕНПФ осуществляет привлечение обязательных пенсионных взносов, обязательных профессиональных пенсионных взносов, добровольных пенсионных взносов, пенсионные выплаты, индивидуальный учет пенсионных накоплений и выплат, предоставляет вкладчику (получателю) информацию о состоянии его пенсионных накоплений (подробнее на www.enpf.kz)